

"2020-2022 жылдарға арналған Жосалы кентінің бюджеті туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №284 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 305 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 7362 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Жосалы кентінің бюджеті туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 284 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7180 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Жосалы кентінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1 024 157 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 52 495 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 101 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 971 561 мың теңге;

2) шығындар – 1 042 813,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -18 656,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 18 656,7 мың теңге";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 сәуірі № 305 шешіміне қосымша
Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 284 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Жосалы кентінің бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1. Кірістер	1024157
1		Салықтық түсімдер	52495
	01	Табыс салығы	12000
	2	Жеке табыс салығы	12000
	04	Меншікке салынатын салықтар	40400
	1	Мүлікке салынатын салықтар	400
	3	Жер салығы	3500
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	36500
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	95
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	95
2		Салықтық емес түсімдер	101
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	101
	5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	101
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	971561
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	971561
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	971561
Функционалдық топ			
	Функционалдық кіші топ		Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Атауы	
		2. Шығындар	1042813,7
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	82799
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	82799
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	82799
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	79299
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3500

04		Білім беру	686150
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	686150
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	686150
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	686150
05		Денсаулық сақтау	19
	9	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	19
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19
	002	Шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	19
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	42061
	2	Әлеуметтік көмек	42061
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	42061
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	42061
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	100747,7
	3	Елді-мекендерді көркейту	100747,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100747,7
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	25483
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11000
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	64264,7
12		Көлік және коммуникация	8900
	1	Автомобиль көлігі	8900
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8900
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8900
13		Басқалар	111000
	9	Басқалар	111000
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	111000
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	111000
15		Трансферттер	11137
	1	Трансферттер	11137
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11137
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	11137
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-18656,7
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	18656,7
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	18656,7
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	18656,7
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	18656,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК